Бәйдібек аудандық мәслихатының 2009 жылғы 17 ақпандағы "Бәйдібек ауданында ойын бизнесін жүргізуші кәсіпкерлерге бірыңғай салық ставкаларын бекіту туралы" 16/94 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы N 26/140 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 19 қаңтарда N 14-5-87 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 34/182 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 28.01.2015 № 34/182 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 10 желтоқсан 2008 жылғы № 99-IV «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) кодексінің 422 бабының 1, 2 тармақтарына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Бәйдібек аудандық мәслихатының 2009 жылғы 17 ақпандағы «Бәйдібек ауданында ойын бизнесін жүргізуші кәсіпкерлерге бірыңғай салық ставкаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14-5-73 тіркелген, 3 сәуір 2009 жылғы «Шаян» газетінде жарияланған) № 16/94 шешімінің қосымшасы, осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы: *Қ.Назаров*

Мәслихат хатшысының міндетін уақытша атқарушы: *С.Спабеков*

Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 26/140 шешімімен бекітілген

Бәйдібек ауданында ойын бизнесін жүргізуші кәсіпкерлерге бірыңғай салық ставкалары

№	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері /АЕК/
1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	10
2.	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	15
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	5
4.	Ойын жолы	83
5.	Карт	12
6.	Бильярд столы	15

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК